

2016 жылға қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Абай ауданының әкімдігінің 2015 жылғы 21 желтоқсандағы № 43/02 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 21 қаңтарда № 3629 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Абай ауданының әкімдігінің 2016 жылғы 13 мамырдағы № 18/06 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Абай ауданының әкімдігінің 13.05.2016 № 18/06 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрінің 2002 жылғы 26 сәуірдегі № 91-ө "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысын іске асыру туралы" бұйрығына сәйкес (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 1904 тіркелген), Абай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастырушы Абай ауданының ұйымдары, кәсіпорындары, мекемелерінің тізімі, жұмыс түрлері мен көлемдері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қоғамдық жұмыстарға жұмыспен қамтылған жұмыссыздардың еңбек ақысының мөлшері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген ең төменгі жалақының мөлшерінде, толық емес жұмыс күні жағдайлардағы немесе икемді кесте бойынша жұмыс істеу мүмкіндігімен бекітілсін.

3. Қоғамдық жұмыстарға жұмыспен қамтылған азаматтардың еңбекақысын төлеу жергілікті бюджеттің қаражатынан жүргізілсін.

4. Жұмыс берушілермен қоғамдық жұмыстарды орындауға "Абай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі, "Абай ауданының жұмыспен қамту орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі үлгі шарттарын жасасын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылауды салаға басшылық ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

6. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он

күнтізбелік күн өткеннен кейін күшіне енеді және 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап пайда болған құқықтық қатынастарға таралады.

Абай ауданының әкімі

С. Шайдаров

Абай ауданы әкімдігінің
қаулысына қосымша
21.12.2015 № 43/01

2016 жылға Абай ауданының ұйымдары, кәсіпорындары және мекемелері бойынша қоғамдық жұмыстардың түрлері мен көлемдерінің тізімі

Ұйымдар, кәсіпорындар және мекемелер	Жылына қоғамдық қызметкерлерге сұраныс, адам	1 адамның жұмысының ұзақтығы, ай.	Айына қызметкерлер саны, адам	Қоғамдық жұмыстардың түрлері мен көлемдері
"Абай-Көркем" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	1 0 8	1	9	Жол жиегінің айналасындағы қарды және қоқысты тазалау, ауданы 192340 шаршы метр көшелер мен кварталдар бойынша қоқыстарды жинау, жасыл жолақтарды тазалау, жол жиектемелері мен ағаштарды ақтау, қарағайларды күту, гүлдерді суару, шөптер мен бұталарды кесу
"Абай ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы" мемлекеттік мекемесі	1 2	1	1	Мүлік, жер және көлік салығын жинауға көмек көрсету – 3400 түбіртек; өткен жылғы берешек бойынша хабарламаларды дайындап тарату
"Абай аудандық қорғаныс ісі жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесі	2 4	1	2	Әскерге шақырылатындардың жеке істерін ресімдеуге көмек көрсету – 2500 іс, шақыру қағаздарын тарату – 1200 дана
Абай ауданының прокуратурасы	1 2	1	1	Ағымдағы құжаттармен жұмыс жасауға көмек көрсету – 600 бет, факс жіберу – 240 бет, мәтіндерді теру және басып шығару – 400 бет, хат-хабарларды жеткізу – 330 хат
"Абай ауданының әділет басқармасы" мемлекеттік мекемесі	1 2	1	1	Құжаттаудағы көмек – 2500 іс, мұрағаттық жұмыс 891142 іс
"Құрма ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	2 4	1	2	Ұзақтығы су құбырының, ұзақтығы кәріздің қызмет көрсетуіне көмек көрсету
"Топар кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	3 6	1	3	Жол жиегінің айналасындағы қарды және қоқысты тазалау, ауданы 150 000 шаршы метр көшелер мен кварталдар бойынша қоқыстарды жинау
"Қазпошта" акционерлік қоғамы				

Қарағанды облыстық филиалының Абай аудандық пошта байланысы торабы	3 6	1	3	Абай ауданының елді мекендеріне хат жеткізу бойынша көмек
"Қарабас кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	1 2	1	1	150000 шаршы метр округ аумағын көркейту
"Южный кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	2 4	1	2	130000 шаршы метр округ аумағын көркейту
"Мичурин ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	6	1	1	30000 шаршы метр округ аумағын көркейту
"Қарағанды ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	6	1	1	25000 шаршы метр округ аумағын көркейту
"Көксу ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	6	1	1	250000 шаршы метр округ аумағын көркейту
"Юбилейное ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	6	1	1	90000 шаршы метр округ аумағын көркейту
"Есенгелді ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	6	1	1	85000 шаршы метр округ аумағын көркейту
"Сәрепті ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	6	1	1	100000 шаршы метр округ аумағын көркейту
"Самарқа ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	6	1	1	10000 шаршы метр округ аумағын көркейту
"Ақбастау ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	6	1	1	20000 шаршы метр округ аумағын көркейту
"Құлайғыр ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	6	1	1	260000 шаршы метр округ аумағын көркейту
Абай қалалық мешіті	36	1	3	2500 шаршы метр аумақты көркейту, санитарлық тазалау
"Абай қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	60	1	5	Абай қаласын көркейту 192340 шаршы метр
"Абай ауданы әкімінің аппараты"	12	1	1	Ағымдағы құжаттармен жұмысқа көмек – 800 бет, факстарды жіберу – 340 бет, мәтіндерді теру және басып шығару –

мемлекеттік мекемесі			500 бет, хат – хабарларды жеткізу – 300 хат
Барлығы	462		

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК